

"Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің тауарларының, сондай-ақ осыған байланысты жекелеген қызмет түрлерінің импортын және экспортын лицензиялаудың бірыңғай ережелері туралы хаттаманы ратификациялау туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 мамырдағы N 404 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

"Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің тауарларының, сондай-ақ осыған байланысты жекелеген қызмет түрлерінің импортын және экспортын лицензиялаудың бірыңғай ережелері туралы хаттаманы ратификациялау туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің тауарларының, сондай-ақ осыған байланысты жекелеген қызмет түрлерінің импортын және экспортын лицензиялаудың бірыңғай ережелері туралы хаттаманы ратификациялау туралы

2004 жылғы 25 қазанда Мәскеу қаласында жасалған Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің тауарларының, сондай-ақ оған байланысты жекелеген қызмет түрлерінің импортын және экспортын лицензиялаудың бірыңғай ережелері туралы хаттама ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

ЕУАЗИЯ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҒЫ МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ КЕҢЕС

ШЕШІМ

2004 жылғы 25 қазан N 198 Мәскеу қаласы

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің тауарларының, сондай-ақ осыған байланысты жекелеген қызмет түрлерінің импортын және экспортын лицензиялаудың бірыңғай ережелері туралы хаттама туралы

Еуразия экономикалық қоғамдастығы Мемлекетаралық Кеңесі (үкімет басшыларының деңгейінде) шешті:

1. Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің тауарларының,

сондай-ақ осыған байланысты жекелеген қызмет түрлерінің импортын және экспортын лицензиялаудың бірыңғай ережелері туралы хаттама қабылдансын (қоса берілген).

2. ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің үкіметтері өз мемлекеттерінің заңнамасын осы Шешімнің 1-тармағында көрсетілген Хаттамаға сәйкес келтіруді қамтамасыз етсін.

ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің мүшелері:

Беларусь Республикасы	Қазақстан Республикасы	Қырғыз Республикасы	Ресей Федерациясы
үшін	үшін	үшін	үшін
Тәжікстан Республикасы			
үшін			

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің тауарларының, сондай-ақ осыған байланысты жекелеген қызмет түрлерінің импортын және экспортын лицензиялаудың бірыңғай ережелері туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің Үкіметі, Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Кеден Одағы туралы 1995 жылғы 6 қаңтардағы келісімде, Кеден одағы туралы 1995 жылғы 20 қаңтардағы келісімде, Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы 1999 жылғы 26 ақпандағы шартта және Еуразия экономикалық қоғамдастығын құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шартта көзделген ықпалдасу процестерін одан әрі дамыту мақсатында,

Кеден одағын қалыптастыру кезіндегі тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы 1997 жылғы 22 қазандағы келісімнің ережелерін іске асыра отырып, үшінші елдерге қатысты ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің бірыңғай сауда режимін белгілеу жөнінде Тараптардың ниеттерін назарға ала отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Негізгі ұғымдар

Осы Хаттаманың мақсаты үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

сыртқы сауда қызметі - тауарлармен, қызметтермен, ақпаратпен және зияткерлік меншікпен сыртқы сауда саласындағы мәмілелерді жүзеге асыру жөніндегі қызмет;

бас лицензия - Тараптардың шешімдері негізінде сыртқы сауда қызметіне қатысушыларға берілген және лицензияда айқындалған санда лицензияланатын жекелеген тауарлар түрінің экспортына немесе импортына құқық беретін лицензия;

тауар импорты - ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің кедендік аумағына қайта әкету туралы міндеттемесіз тауарларды әкелу;

ерекше лицензия - жекелеген тауарлар түрінің экспорты немесе импортына ерекше құқық беретін лицензия;

лицензия және (немесе) рұқсат - тауарлардың не осыған байланысты жекелеген қызмет түрлерінің импортын және (немесе) экспортын жүзеге асыру құқығына арналған арнайы құжат;

лицензиялау - тауарлардың не осыған, байланысты жекелеген қызмет түрлерінің импортын және (немесе) экспортын жүзеге асыру құқығына арналған лицензияларды (рұқсаттарды) ұсынудың тәртібін белгілейтін әкімшілік шаралардың кешені;

қадағалау - жекелеген тауарлар түрлерінің импорты және (немесе) экспорты серпінінің мониторингі мақсатында белгіленген уақытша шара;

бір жолғы лицензия - мәні лицензияланатын тауар болып табылатын сыртқы сауда мәмілесі негізінде сыртқы сауда қызметке қатысушыға берілетін және белгілі бір сандағы осы тауардың экспортына немесе импортына құқық беретін лицензия;

рұқсат беру тәртібі - лицензиялауды немесе сыртқы сауда қызметін реттеудің әкімшілік шараларының өзге нысандарын көздейтін жекелеген тауарлар түрлерімен сыртқы сауда операцияларын, сондай-ақ ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумағынан тысқары тасымалданатын осындай тауарларды кедендік бақылау мен кедендік ресімдеуді жүзеге асырудың тәртібі;

тауар - сыртқы сауда қызметінің мәні болып табылатын жылжымалы мүлік, жылжымайтын мүлікке жатқызылған әуе, теңіз кемелері, ішкі жүзу және аралас (өзен - теңіз) жүзу кемелері мен ғарыш объектілері, сондай-ақ электр энергиясы және энергияның басқа да түрлері. Халықаралық тасымалдар туралы шарт бойынша пайдаланылатын көлік құралдары тауар ретінде қарастырылмайды;

ЕурАзЭҚ-тың сыртқы сауда қызметіне қатысушылар (бұдан әрі - сыртқы сауда қызметіне қатысушылар) - ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар, ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің азаматтары болып табылатын ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің аумағында тұрақты немесе басымдықты тұрғылықты орны бар немесе ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекетте тұрақты тұруға құқығы бар не ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жеке кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғалар;

тауар экспорты - ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің кедендік аумағынан кері қайтару туралы міндеттемесіз тауарды әкету.

2 - б а п

Қолданылу саласы

Осы Хаттама Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттер үшінші елдермен саудада әкелуге және/немесе әкетуге тыйым салу немесе шектеулер қолданылатын Тауарлардың бірыңғай тізбесіне (бұдан әрі - Тауарлардың бірыңғай тізбесі) енгізілген тауарлардың, сондай-ақ осыған байланысты жекелеген қызмет түрлерінің импортын және экспортын қадағалау мен лицензиялаудың ережесін анықтайды.

ЕурАзЭҚ-тың бірыңғай кедендік аумағын құру туралы халықаралық шарт күшіне

енгенге дейін ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің бірінің аумағынан ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің екіншісінің аумағына жекелеген тауарлар түрлерінің импортына және (немесе) экспортына байланысты сыртқы сауда операциялары ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің заңнамасында және олардың арасындағы еркін сауда туралы екі жақты шарттарда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің кедендік аумағы оның ұлттық заңнамасына сәйкес а й қ ы н д а л а д ы .

Осы Хаттаманың әрекеті экспорттық бақылауға жататын тауарлардың импортына және экспортына, сондай-ақ әскери мақсатты өзге өнімдерге қатысты қолданылмайды.

3 - б а п

Жекелеген тауарлар түрлерінің импортын және (немесе) экспортын қадағалау

1. Жекелеген тауарлар түрлерінің импортын және (немесе) экспортын қадағалау тауарлардың импортына және (немесе) экспортына рұқсаттар беру арқылы жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Жекелеген тауарлар түрлерінің импортын және (немесе) экспортын қадағалау мынадай принциптерді сақтау кезінде жүзеге асырылады:

а) тауарлардың импортына және (немесе) экспортына рұқсаттар алу рәсімі тауарлардың импортын және экспортын шектемеу үшін барынша оңайландырылуы т и і с ;

б) рұқсат атқарушы биліктің уәкілетті мемлекеттік органына (бұдан әрі- уәкілетті мемлекеттік орган) ұсынылған өтініштердің негізінде сыртқы сауда қызметінің кез келген қатысушыларына шектеусіз беріледі;

в) рұқсат беру туралы өтінішті тауарларды кедендік ресімдегенге дейін кез келген жұ м ы с кү н і б е р у г е б о л а д ы .

3. Рұқсат оған қатысты қадағалау енгізілген жекелеген тауарлар түріне тауардың саны мен құны, сондай-ақ егер импортқа рұқсат берілетін болса, сыртқы сауда мәмілесінің тараптары және тауардың шыққан елі көрсетіле отырып, жасанды қағаздан қорғалған арнайы дайындалған бланкілерде ресімделеді.

4. Рұқсат алу үшін сыртқы сауда қызметінің қатысушысы уәкілетті мемлекеттік органға рұқсаттың жобасын осы Хаттамамен бекітілген нысан бойынша (1-қосымша) қағаздағы және электронды түрде бір данада ұсынады.

Жекелеген тауарлар түрлерінің экспортына және/немесе импортына рұқсат алу үшін тиісті түрде ресімделген рұқсаттың жобасынан басқа, өзге құжаттарды ұсынуға талап етуге жол берілмейді. Тауарлардың импортына және(немесе) экспортына рұқсаттың жобасын толтыру және ресімдеу ережесі осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын 4-қосымшада берілген.

5. Сыртқы сауда қызметіне қатысушы ұсынған рұқсаттың жобасы ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелуге жатады.

6. Берілген рұқсатқа өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

7. Рұқсат өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде берілуі тиіс.

8. Сыртқы сауда қызметінің қатысушысына рұқсаттың түпнұсқасы беріледі.

9. Берілген рұқсат басқа тұлғаларға табыстауға жатпайды және ол рұқсат иесінде сақталады.

4 - б а п

Тауарлардың импортын және экспортын лицензиялау

1. Тауарлардың импортын және экспортын лицензиялау (бұдан әрі - лицензиялау) м ы н а :

а) жекелеген тауар түрлерінің экспортына немесе импортына уақытша сандық ш е к т е у л е р е н г і з і л г е н ;

б) мемлекеттің қауіпсіздігіне, азаматтардың өміріне немесе денсаулығына, жеке немесе заңды тұлғалардың мүлкіне, мемлекеттік немесе муниципалдық мүлікке, қоршаған ортаға, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіне немесе денсаулығына қолайсыз әсер етуі мүмкін жекелеген тауарлар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына рұқсат беру тәртібін белгіленген;

в) жекелеген тауар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына айрықша қ ұ қ ы қ б е р і л г е н ;

г) ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің халықаралық міндеттемелерді орындалған жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Оларға қатысты лицензиялау енгізетін жекелеген тауарлар түрлері Тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген.

Тиісті лицензия алу үшін сыртқы сауда қызметіне қатысушыларға қойылатын талаптар ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің тиісті нормативтік құқықтық актілерімен б е л г і л е н е д і .

3. Жекелеген тауарлар түрлерінің импорты және (немесе) экспорты 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті мемлекеттік орган беретін лицензия негізінде жүзеге асырылады. Жекелеген тауарлар түрлерінің импортына және (немесе) экспортына бір жолғы, бас және ерекше лицензиялар ресімделуі мүмкін.

Бір жолғы лицензияның қолданылу мерзімі лицензия берілген күннен бастап бір жылдан аспайды, оларға қатысты сандық шектеулер енгізілген тауарлар үшін егер Тараптардың шешімімен өзгеше ескерілмесе ағымдағы күнтізбелік жылдың 31 желтоқсанында аяқталады.

Жекелеген түрлерінің экспорты және (немесе) импортына ерекше құқық берілетін сыртқы сауда қызметіне қатысушылар, сондай-ақ осы тауарлар ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің заңнамасымен айқындалады.

4. Лицензия алу үшін сыртқы сауда қызметіне қатысушы мынадай құжаттарды ұ с ы н а д ы :

а) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаздағы және электронды түрде бір данада лицензия беруге арналған өтініш.

Лицензия беруге арналған өтінішті ресімдеу ережесімен лицензия 5-қосымшада берілген ;

б) сыртқы сауда мәмілесін ресімдейтін шарттың көшірмесі (бір жолғы лицензияны ресімдеген жағдайда ғана) ;

в) салық органында есепке қою туралы куәліктің көшірмесі;

г) егер қызметтің мұндай түрі оған қатысты ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің аумағында лицензиялау енгізілген тауар айналымына байланысты болса лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға арналған лицензияның көшірмесі;

д) егер олардың негізінде осы тауарды лицензиялау енгізілген нормативтік құқықтық кесімдерде белгіленсе, басқа да құжаттар.

Құжаттардың көшірмесі ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен тігілуі, сыртқы сауда қызметіне қатысушының қолымен және мөрімен расталуы тиіс .

5. Сыртқы сауда қызметіне қатысушы ұсынған құжаттар тіркелуге жатады.

6. Лицензияны беру туралы немесе лицензия беруден бас тарту туралы шешімді құжаттар берілген күннен бастап 20 жұмыс күніне дейінгі мерзімде сыртқы сауда қызметіне қатысушы ұсынған құжаттарды зерделеудің негізінде уәкілетті мемлекеттік орган қабылдайды .

7. Заңды тұлға ретінде тіркелген сыртқы сауда қызметіне қатысушының құрылтайшы құжаттарына өзгерістер енгізілген (ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны, атауы не оның орналасқан орны өзгерсе) немесе жеке тұлға болып табылатын сыртқы сауда қызметіне қатысушы паспортының деректері өзгерген жағдайда, лицензия иесі берілген лицензияны жою және өтініш пен көрсетілген өзгерістерді растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жаңасын ресімдеу туралы өтініш білдіруге міндетті .

Лицензияны қайта ресімдеу туралы шешім сыртқы сауда қызметіне қатысушының құжаттарын тіркеген күннен бастап 5 жұмыс күніне дейінгі мерзімде қабылданады.

8. Берілген лицензияға өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

9. Сыртқы сауда қызметіне қатысушыға лицензия беруден мынадай жағдайларда бас тартылуы мүмкін :

ұсынылған құжаттарда сенімсіз немесе толық емес ақпараттың болуы; квотаның (квоталанатын тауарларға лицензия ресімдеген жағдайда) таусылуы.

Лицензия беруден бас тарту туралы шешімде дәлелді негіз болуы және сыртқы сауда қызметіне мүдделі қатысушыға жазбаша нысанда ұсынылуы тиіс.

10. Лицензияның қолданылуын тоқтату немесе тоқтата тұру туралы шешімді уәкілетті мемлекеттік орган мынадай:

а) лицензия иесі тиісті өтініш ұсынған;

б) лицензия алу үшін дұрыс емес мәліметтер мен деректер ұсынған;

в) лицензия жоғалған ;

г) егер қызметтің мұндай түрі тауардың импортына және (немесе) экспортына байланысты болса, лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға арналған лицензия қ а й т а р ы л ғ а н ;

д) лицензия иесі осы баптың 14-тармағы орындалмаған жағдайларда қабылдайды.

11. Лицензияның қолданылуын тоқтату және тоқтата тұру туралы шешімді уәкілетті мемлекеттік орган оны қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде осындай шешімге әкеп соқтырған себептерді көрсете отырып, лицензия иесіне және кеден органдарына ж і б е р е д і .

Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру себептері жойылғаннан кейін лицензия жаңартылады. Лицензияның қолданылуы уәкілетті мемлекеттік орган тиісті шешім қабылдағаннан кейін жаңартылды деп саналады, ол үш жұмыс күні ішінде лицензия иесіне және кеден органдарына жіберіледі.

12. Лицензия заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайды қоса алғанда, басқа тұлғаларға берілмейді және лицензия иесінде сақталады.

13. Лицензия лицензияланатын тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізу үшін қажетті құжаттардың бірі болып табылады.

Лицензияның түпнұсқасын және иегер растаған лицензияның көшірмесін тауарды кедендік ресімдеуді жүргізген кезде лицензияның иесі кеден органына ұсынады және ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің кеден шекарасы арқылы лицензияланатын тауарға рұқсатнама үшін негіздеме болып табылады.

14. Бас және айрықша лицензиялардың иелері тоқсан сайын, есеп беретін тоқсаннан кейінгі айдың 15-күніне дейін уәкілетті мемлекеттік органға оның орындалу барысы туралы есепті ұсынуға міндетті. Бір жолғы лицензиялардың иелері бір жолғы лицензияның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін он күн мерзімде уәкілетті мемлекеттік органға оның орындалуы туралы кеден органдарының белгісі бар лицензияның көшірмесін ұсынуға міндетті.

5 - б а п

Жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау

Егер қызметтің осындай түрі оған қатысты ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің аумағында лицензиялау енгізілген тауардың импортына және (немесе) экспортына байланысты болса, жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6 - б а п

Дауларды шешу және өзгерістер енгізу

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруге және/немесе іске асыруға байланысты даулар консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі.

Осы хаттамаға Тараптардың жалпы келісімімен осы Хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалар түрінде ресімделетін және 7-бапта көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

7 - б а п

Қорытынды ережелер

Осы Хаттама ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық комитеті болып табылатын депозитарий Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

_____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана осы Хаттамаға қол қойған әр Тарапқа оның расталған көшірмесін жіберетін ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық комитетінде сақталады.

	Беларусь	Республикасының
Үкіметі үшін		
	Қазақстан	Республикасының
Үкіметі үшін		
	Қырғыз	Республикасының
Үкіметі үшін		
	Ресей	Федерациясының
Үкіметі үшін		
	Тәжікстан	Республикасының
Үкіметі үшін		

Еуразия экономикалық
қоғамдастығына мүше
мемлекеттердің тауарларының,
сондай-ақ осыған байланысты
жекелеген қызмет түрлерінің
импортын және экспортын
лицензиялаудың бірыңғай
ережелері туралы хаттамаға

№ 1-қосымша

ЕУРАЗЭҚ-ҚА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ АТҚАРУШЫ БИЛГІНІҢ УӘКІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНЫ			
1.Өтініш беруші (атауы, толық мекен-жайы), ССН коды	2.	ИМПОРТҚА/ЭКСПОРТҚА РҰҚСАТ БЕРУ N	
3. Сатып алушы/сатушы (атауы, толық мекен-жайы)			
	4. Рұқсат қолданысының мерзімі	31/12 ж. дейін	
5. Шығарушының елі	7.	N келісім-шарт	
6. Баратын ел			

8. СЭҚ ТН коды	9. Өлшем бірлігі	10. Саны	11. Статистикалық құны
12. Тауар атауы			
13. Өтініш беруші Т. А. Ә. А Лауазымы Телефон Қолы мен мөрі	14. Атқарушы биліктің уәкілетті мемлекеттік органы Т. А. Ә. А. Лауазымы Телефон Қолы мен мөрі		

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің тауарларының, сондай-ақ осыған байланысты жекелеген қызмет түрлерінің импортын және экспортын лицензиялаудың бірыңғай ережелері туралы хаттамаға

N 2 қосымша

ЕУРАЗ-ҚА ҚАТЫСУШЫ АТҚАРУШЫ БИЛІКТІҢ УӘКІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН			
1. ЛИЦЕНЗИЯ N	2. Қолданылу мерзімі дейін		
3. Лицензия түрі Бас/Бір жолғы/Ерекше Экспорт/Импорт	4. келісім - шарт N		
5. Өтініш беруші (атауы, толық мекен-жайы), ССН коды	6. Сатып алушы/сатушы (атауы, толық мекен-жайы)		
7. Баратын/шығатын елі	8. Сатып алушы/сатушының елі		
9. Тауар атауы	10. СЭҚ ТН коды	11. Өлшем бірлігі	12. Саны
	13. Төлем валютасы		14. Фактуралық құны
15. Қосымша ақпарат			
16. Лицензия беру үшін негіздеме			
17. "Келісілді" Т.А.Ә.А. Лауазымы Қолы мен мөрі	18. Атқарушы органның уәкілетті мемлекеттік органы Т.А.Ә.А. Лауазымы Қолы мен мөрі		

Еуразия экономикалық
қоғамдастығына мүше
мемлекеттердің тауарларының,
сондай-ақ осыған байланысты
жекелеген қызмет түрлерінің
импортын және экспортын
лицензиялаудың бірыңғай
ережелері туралы хаттамаға

N 3-қосымша

ЕУРАЗ-ҚА ҚАТЫСУШЫ АТҚАРУШЫ БИЛІКТІҢ УӘКІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРҒАН			
1. Өтініш N		2. Қолданылу мерзімі дейін	
3. Лицензияның түрі Бас/Бір жолғы/ерекше Экспорт/Импорт		4. Келісім-шарттың N	
5. Өтініш беруші (атауы, толық мекен-жайы), ССН коды		6. Сатып алушы/сатушы (атауы, толық мекен-жайы)	
7. Баратын/шығатын елі		8. Сатып алушы-сатушының елі	
9. Тауар атауы		10. СЭҚ ТН коды	11. Өлшем бір-лігі
		12. Саны	
		13. Төлем валютасы	
		14. Фактуралық құн	
15. Қосымша ақпарат			
16. Лицензия беру үшін негіздеме			
17. "Келісілді" Т.А.Ә.А. Лауазымы Қолы мен мөрі Күні		18. Өтініш беруші Т.А.Ә.А. Лауазымы Қолы мен мөрі Күні	

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше
мемлекеттердің тауарларының, сондай-ақ
осыған байланысты жекелеген қызмет
түрлерінің импортын және экспортын
лицензиялаудың бірыңғай ережелері

4-қосымша

**ТАУАРЛАРДЫҢ ИМПОРТЫНА ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЭКСПОРТЫНА РҰҚСАТ БЕРУДІ
РЕСІМДЕУДІҢ ЕРЕЖЕСІ**

1. Рұқсатты ресімдеудің осы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) сыртқы сауда қызметінің қатысушылары мен уәкілетті мемлекеттік органдарға арналған.

2. Сыртқы сауда қызметінің қатысушысы ұсынатын рұқсат белгіленген нысанға қатаң сәйкес ЭЕМ басу құралында және міндетті түрде барлық қажетті реквизиттер толтырыла отырып, жазылады.

3. Уәкілетті мемлекеттік орган бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, жасанды қағаздардан арнайы қорғайтын бір ізділендіру нысаны бойынша рұқсатты ресімдейді. Бұл ретте рұқсаттың реквизиттері мынадай түрде толтырылады.

Рұқсаттың реквизиттері мынадай түрде толтырылады:

1-реквизит. "Өтініш беруші (атауы, толық мекен-жайы, ССН коды)"

Сыртқы сауда қызметінің қатысушысы туралы мәліметтер көрсетіледі

- заңды тұлға үшін - толық ресми атауы, заңды мекен-жайы, салық төлеушінің сәйкестендірілген нөмірі;

- жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты, төлқұжат деректері (сериясы, нөмірі, қашан және кім берген), салық төлеушінің сәйкестендірілген нөмірі.

2 - р е к в и з и т . " N "

Сұратынатын Рұқсаттың түрінің қажеттісінің астын сызу керек (мысалы, ИМПОРТ)

Рұқсаттың нөмірі күнтізбелік жылдың басынан бастап өсу тәртібіндегі бес таңбалы тіркеу нөмірін беру жолымен (мысалы: 00001) рұқсат жобасын арнайы журналда тіркегеннен кейін уәкілетті мемлекеттік орган толтырады.

Рұқсаттың нөмірі **15 белгіден** тұрады және мынадай түрде қалыптасады:

Р - ә р п і .

2-ден 4-ке дейінгі сан - рұқсат берген ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекетінің (Беларусь Республикасы - 112; Қазақстан Республикасы - 398; Қырғызстан Республикасы - 417; Ресей Федерациясы - 643; Тәжікстан Республикасы - 762) коды.

5-тен және 6-ы - сандары - экспортқа (импортқа) қадағалау жүзеге асырылатын тауарлар с а н а т ы н ы ң к о д ы ;

7 - с а н ы жылдың соңғы с а н ы ;

8-ден 10-ға дейінгі сан - рұқсаттың расталатын мөрдің үш таңбалы нөмірі;

11-ден 15-ке дейінгі сан - күнтізбелік жылдың басынан бастап өсу тәртібіндегі уәкілетті мемлекеттік органы өтінішінің тіркеу журналында тіркелген нөмірі.

Рұқсатты рәсімдеу кезінде уәкілетті мемлекеттік орган рұқсат түрін (мысалы - **ИМПОРТҚА** арналған) көрсетеді.

3-реквизит. "Сатып алушы/сатушы (атауы, толық мекен-жайы)"

Келісімде көрсетілген келісім тілін сақтай отырып, оның атауы мен мекен-жайына сәйкес сатып алынатын тауар (экспорты кезінде) немесе сатылатын тауар (импорты кезінде) шетел серіктестігі фирмасының атауы және толық мекен-жайы көрсетіледі.

4-реквизит. "Рұқсатты қолданудың мерзімі"

Өтініш беруші сұрайтын рұқсаттың қолданылу мерзімінің аяқталатын күні көрсетіледі. Бұл ретте күні мынадай түрде көрсетіледі:

К К А А Ж Ж
К К - к ү н і
А А - а й ы ;
Ж Ж - ж ы л ы .

Символдар бір бірінен нүктемен бөлінеді (мысалы, 01.01.04).

5. "Шығаратын ел" және 6-реквизиттер "Баратын ел"

Тауарлардың баратын елдері мен шығарушы елдерінің атаулары көрсетіледі.

7-реквизит. "Келісім-шарт"

Келісім-шарттың нөмірі және оған қол қойылған күні көрсетіледі.

Күні осы бөлімнің 4-реквизитінің талабына сәйкес көрсетіледі.

8-реквизит. "СЭҚ ТН коды"

Еуразиялық экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасына сәйкес (ЕурАзЭҚ-тың СЭҚ ТН) тауардың он таңбалы коды көрсетіледі.

9-реквизит. "Өлшем бірлігі"

ЕурАзЭҚ-тың СЭҚ ТН сәйкес тауардың өлшем бірлігінің қысқартылған атауы (негізгі немесе қосымша) көрсетіледі.

10-реквизит. "Саны"

9-реквизитте көзделген өлшем бірлігінде (таразы бірлігі үшін - нетто салмағы) тауардың саны көрсетіледі.

11-реквизит "Статистикалық құны"

Тауардың статистикалық құны АҚШ долларымен көрсетіледі.

Егер статистикалық құнының бөлшек бірлігі болса, онда ол дөңгелектену ережесі бойынша тұтас шамаға дейін дөңгелектенеді.

12-реквизит. "Тауардың атауы"

ЕурАзЭҚ-тың СЭҚ ТН қатаң сәйкестік тауардың толық атауы және қажет кезінде бір мағыналы сыныптамалары үшін қажет болатын оның барынша егжей-тегжейлі сипаттауына түсініктемелер көрсетіледі.

13-реквизит. "Өтініш беруші"

1-реквизитте көрсетілген оның Т.А.Ә.А., лауазымы, байланыс телефоны мен өтінішті ресімдеген күні көрсетіле отырып, мөрмен куәландыратын өтініш берушінің қ о л ы қ о й ы л а д ы .

14-реквизит. "Атқарушы органның уәкілетті мемлекеттік органы"

Оның Т.А.Ә.А., лауазымы және қол қойылған күні көрсетіле отырып, мөрмен расталған рұқсат берген тұлғаның қолы қойылады.

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің тауарларының, сондай-ақ осыған байланысты жекелеген қызмет түрлерінің импортын және экспортын лицензиялаудың бірыңғай ережелері

туралы хаттама 5-қосымша

ЛИЦЕНЗИЯ АЛУҒА ӨТІНІШТЕРДІ ЖӘНЕ ТАУАРЛАРДЫҢ ИМПОРТЫНА (НЕМЕСЕ) ЭКСПОРТЫНА АРНАЛҒАН ЛИЦЕНЗИЯНЫ РЕСІМДЕУДІҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Өтініштер мен лицензияны ресімдеудің осы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) сыртқы сауда қызметінің қатысушылары мен уәкілетті мемлекеттік органдарына арналған.

2. Лицензия беруге арналған өтініш белгіленген нысанға қатаң сәйкес ЭЕМ-ның басу құралында және міндетті түрде барлық қажетті реквизиттерді толтырыла
ж а с а л ы н а д ы .

Рұқсаттың реквизиттері мынадай түрде толтырылады:

1-реквизит. "Өтініштің N"

Рұқсаттың нөмірі күнтізбелік жылдың басынан бастап өсу тәртібінде бес таңбалы тіркеу нөмірін беру арқылы рұқсаттың жобасын арнайы журналда тіркегеннен кейін уәкілетті мемлекеттік орган толтырады (мысалы, 00001).

2-реквизит. "Қолданылу мерзімі"

Өтініш беруші сұратқан лицензияның қолдану мерзімінің аяқталу күні көрсетіледі. Бұл ретте күні мынадай түрде көрсетіледі:

К К . А А . Ж Ж

м ұ н д а ғ ы

К К - к ү н і ;

А А - а й ы ;

Ж Ж - ж ы л ы .

Символдар бір бірінен нүктемен бөлінеді (мысалы, 01.01.04)

3-реквизит. "Келісім-шарт"

Сұрау салынған лицензия түрінің астын сызу керек (мысалы, бас/ бір реттік/
а й р ы қ ш а экспорт / импорт).

4-реквизит. "Келісім-шарт"

Келісім-шарттың нөмірі және оған қол қойылған күні көрсетіледі. Күні осы бөлімнің 2-реквизитінің талабына сәйкес көрсетіледі.

Егер бас және ерекше лицензияларға арналған өтініш ресімделген жағдайда 4-
р е к в и з и т т о л т ы р ы л м а й д ы .

5-реквизит. "Өтініш беруші (атауы, толық мекен-жайы, ССН коды)"

өтініш беруші туралы шын мәліметтер көрсетіледі:

- заңды тұлға үшін - толық ресми атауы, заңды мекен-жайы, салық төлеушінің сәйкестендірілген нөмірі;

- жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты, төлқұжат мәліметтері (сериясы, нөмірі, қашан және кім берді), салық төлеушінің сәйкестендірілген нөмірі.

6-реквизит. "Сатып алушы/сатушы (атауы, толық мекен-жайы)"

Келісім-шартта көрсетілген келісімнің тілін сақтай отырып, оның атауы мен мекен-жайына сәйкес сатып алынатын тауар (экспорты кезінде) немесе сатылатын тауар (импорты кезінде) шетел серіктестігі фирмасының атауы және толық мекен-жайы көрсетіледі.

Бас және ерекше лицензияны ресімдеген жағдайда **"Келісім-шарттың шартына сәйкес"** деп жазылады.

7. "Баратын/шығаратын ел"

Шетел серіктестіктерінің елдері (экспорт кезінде) немесе шығару елдерінің атауы көрсетіледі.

Бас және ерекше лицензияны ресімдеген жағдайда "Келісім-шарттың шартына сәйкес" деп жазылады.

8-реквизит. "Сатып алушы/сатушының елі"

Шетел серіктестіктерінің (экспорт кезінде) немесе сатушылардың (импорт кезінде) елдері көрсетіледі.

Бас және айрықша лицензияны ресімдеген жағдайда **"Келісім-шарттың шартына сәйкес"** деп жазылады.

9-реквизит. "Тауардың атауы"

Еуразиялық экономикалық қауымдастығына мүше мемлекеттің сыртқы сауда экономикалық қызметінің Тауар номенклатурасына (ЕурАзЭҚ-тың СЭҚ ТН) қатаң сәйкес тауардың толық атауы және қажет кезінде бір белгілік сыныптамалары үшін қажет болатын оны егжей-тегжейлі барынша сипаттау қажет кезінде түсініктемелер көрсетіледі. Егер 9-реквизитте барлық ақпараттар сыймаса, осы ақпараттың бөлігі "қосымша ақпараттар" деген 15-реквизитке ауыстырылуы мүмкін.

10-реквизит. "СЭҚ ТН коды"

ЕурАзЭҚ-тың СЭҚ ТН сәйкес тауардың он таңбалы коды көрсетіледі.

11 реквизит "Өлшем бірлігі"

ЕурАзЭҚ-тың СЭҚ ТН сәйкес тауардың өлшем бірлігінің қысқартылған атауы (негізгі немесе қосымша) көрсетіледі. СЭҚ ТН-нан айырмашылығы бар өлшем бірлігі пайдаланылған жағдайда 15-реквизитте тауардың саны мен өлшем бірлігі туралы қосымша мәліметтер көрсетіледі.

12 - р е к в и з и т . " С а н ы "

11-реквизитте көзделген өлшем бірлігіндегі (таразы бірлігі үшін - нетто салмағы) тауардың саны көрсетіледі.

13-реквизит "Төлем валютасы"

Тауардың келісім-шарт құны айқындалатын валютаның қысқа атауы көрсетіледі.

Бас және ерекше лицензияны ресімдеген жағдайда **"Келісім-шарттың шартына сәйкес"** деп жазылады.

14-реквизит. "Фактуралық құны"

Тауардың фактуралық құны келісім-шарт валютасымен көрсетіледі.

Егер фактуралық құнының бөлшек бірлігі болса, онда ол дөңгелектеу ережесі бойынша тұтас шамаға дейін дөңгелектенеді.

Бас және ерекше лицензия ресімделген жағдайда тауардың болжамды құны көрсетіледі.

15-реквизит. "Қосымша ақпарат"

Қажеттілік шамасына қарай пайдаланылады. Осы реквизит аясында лицензияға арналған өтініштің 7, 9, 11, 12 реквизиттерін нақтылау және ашып жазу қажеттілігіне байланысты мәліметтер енгізіледі, сондай-ақ өтініш ресімдеген сәтте қол қойылған келісім-шартқа барлық толықтырулар мен өзгерістердің нөмірі және күні енгізіледі.

16-реквизит. "Лицензия беру үшін негіздеме"

Мыналар:

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекет нормативтік құқықтық кесімдерінің нөмірлері және күндері, атқарушы биліктің мемлекеттік органдары мен лицензияны сұрату үшін негіз болып табылатын уәкілетті халықаралық органдары құжаттарының нөмірлері мен күндері;

егер делдал өтініш беруші ретінде көрінетін болса комиссия шарттарының нөмірі мен күні;

- аукцион жеңімпаздары сертификатының нөмірі мен күні немесе әрбір Тараптың ведомствоаралық комиссиясы Хаттамасының көшірмесі (квоталанатын тауарларға аукцион немесе конкурс өткізілген және лицензия рәсімделген жағдайда) көрсетіледі.

17-реквизит. "Қосымша ақпарат"

Мыналар:

- лицензия беруге келіскен атқарушы мемлекеттік билік органының атауы (қажетті жағдайда ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекетінің нормативтік құқықтық кесімдерінде көзделген келісу);

- келісімнің нөмірі;

- Т.А.Ә.А., лауазымы, жауапты тұлғаның қолы мен күні. Мөрмен куәландырған қолы көрсетіледі.

18-реквизит. "Өтініш беруші"

1-реквизитте көрсетілген өтініш берушінің, оның Т.А.Ә.А., лауазымы, байланыс телефоны және өтінішті ресімделген күні көрсетіле отырып, мөрмен куәландырылған қолы қойылады.

Уәкілетті мемлекеттік орган бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, жасанды қағаздан арнайы қорғағышы бар біріздендірілген нысан бойынша лицензия

р е с і м д е л е д і .

1-реквизит. "Лицензия N"

Лицензия нөмірі көрсетіледі.

Лицензия нөмірі 16 белгіден тұрады және мынадай түрде құрылады:

1 - Л ә р п і .

2-ден 4-ке дейін - рұқсат берген ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекетінің коды (Беларусь Республикасы - 112; Қазақстан Республикасы - 398; Қырғызстан Республикасы - 417; Ресей Федерациясы - 643; Тәжікстан Республикасы - 762).

5 - квоталар коды (квоталанбайтын тауарлар үшін - 0);

6 және 7 - лицензияланатын тауар санатының коды;

8 - жылдың соңғы саны;

9-дан 11-ге дейін - мөрмен куәландыратын лицензияның үш таңбалы нөмір;

12-ден 16-ға дейін - күнтізбелік жылдың басынан бастап өсу тәртібіндегі уәкілетті мемлекеттік органы өтінішінің тіркеу журналындағы тіркелген нөмірі.

2-реквизит. "Әрекет ету мерзімі"

Лицензия әрекеті мерзімінің аяқталған күні (осы Ереженің 2-тармағында жазылған өтініштің 2-реквизитін толтырылған сияқты толтырылады) көрсетіледі.

3-реквизит. "Лицензия түрі"

Лицензия ресімдейтін түрі көрсетіледі. Мысалы,

Б І Р Ж О Л Ы Э К С П О Р Т

4-15-реквизиттер осы Ереженің 2-тармағында жазылған өтініштің 4-15-реквизиттерді сияқты толтырылады.

16-реквизит. "Лицензия алу үшін негіздеме"

М ы н а л а р :

- ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекет нормативтік құқықтық кесімдерінің нөмірлері және күндері, атқарушы биліктің мемлекеттік органдары мен лицензияны сұрату үшін негіз болып табылатын уәкілетті халықаралық органдары құжаттарының нөмірлері мен күндері ;

- егер делдал өтініш беруші ретінде көрінетін болса комиссия шарттарының нөмірі мен күні ;

- аукцион жеңімпаздары сертификатының нөмірі мен күні немесе әрбір Тараптың ведомствоаралық комиссиясы Хаттамасының көшірмесі (квоталанатын тауарларға аукцион немесе конкурс өткізілген және лицензия рәсімделген жағдайда);

- лицензия беруді негіздейтін басқа да қажетті ақпарат көрсетіледі.

17-реквизит. "Келісілді"

Қосымша келісу қажеттігі жағдайында толтырылады.

Лицензияны беруге келіскен тұлғаның Т.А.Ә.А., лауазымы және қол қойылған күні көрсетіледі. Бұл ретте реквизитте "қолы мен мөрі бар" деген белгі қойылады.

18-реквизит. "Атқарушы биліктің уәкілетті мемлекеттік органы"

Оның Т.А.Ә.А., лауазымы және қойылған күні көрсетіле отырып, мөрмен куәландырылған рұқсат берген тұлғаның қолы қойылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК